

2010 жылға халықтың нысаналы тобын анықтау туралы

Күші жойғал

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 21 шілдедегі N 119/1 қаулысы. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 тамызда N 8-5-99 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 3 мамырдағы N 89 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2011.05.03 N 89 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес, азаматтарға әлеуметтік қолдау бойынша қосымша шаралар көрсету мақсатында Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұрғындардың келесі с а н а т т а р ы а н ы қ т а л с ы н :

- 1) 29 жасқа дейінгі жастар;
- 2) 7 жасқа дейінгі баласы бар отбасылар;
- 3) 45 жастан жоғары тұлғалар;
- 4) ұзақ уақыт (бір жылдан артық) жұмыс істемейтін тұлғалар;
- 5) мүгедек балаларды және мүмкіншілігі шектеулі балаларды тәрбиелеуші а т а - а н а л а р ;
- 6) колледждер және кәсіптік лицейлердің түлектері.

2. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган " Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н. Гармашова) халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары З. О с п а н о в а ғ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

Ғ. Мұқашев